

Қоғамдық тыңдаулардың қорытынды хаттамасы

Қоғамдық тыңдаулар инвестициялар және даму бойынша Қоғамдық кеңесінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 9 шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодекс жобасы.

Күні және өткізілген орны:

2017 жылғы 14 сәуір Алматы қаласы Құрманғазы көшесі 29.

Қоғамдық тыңдаулар мақсаты «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодекс жобасын талқылау болғанын ескере отыра, заңнаманың мемлекеттік органдармен және олардың лауазымдық тұлғалармен бақыланатынын сақтау туралы ақпарат көрсетілмейді.

Қоғамдық тыңдауларда «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодекс жобасының негізгі ережелер бойынша ынталы қатысушылардың баяндамасы ұсынылған оның ішінде: жер қойнауын ұтымды әрі кешенді зерттеу мен пайдалану; техногенді минералдық түзілімді, жер асты суларын, кең таралған пайдалы қазбаларды (КТПҚ) реттеу; кадр және ғылымды қаржыландыру; әрекет етуші келісімшарттарды жаңа режимге ауыстыру; геологиялық ақпаратты Қазақстан аумағынан тыс шығару; жер қойнауын пайдаланушының әрекеті нәтижесін тарату мәселелері; жобалау құжаттамасы. Кодекс жобасын әзірлеушілерден көрсетілген мәселелер бойынша түсініктемелер мен негіздемелер алынды.

Қоғамдық тыңдауларда 6 баяндама ұсынылды, қатысушылар ішінен 4 ынталы сөз сөйлеушілер, 6 сұрақ қойылды. Сондай-ақ жазбаша тәртіпте 39 ұсыныс және 6 тыңдалуға қатысушыдан ескертулер берілді.

Кодекс жобасында Қоғамдық тыңдаулар қатысушыларымен жобаның жеке ережелерін толық қарау мақсатында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс жобасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар қалыптастырылды және құқықты шектеу және жеке тұлғалардың еркіндік нормалары анықталған жоқ.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс жобасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар:

№	Талқылауға шығарылған мәселелер	ҚР Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар	Ескертулер
1	«Мұнай және газ» Журналы редакциясы ұжымымен жинақталған	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне ғалымдардың ұсыныстарын	Қоғамдық кеңестің ұсыныстары

	ғалымдардың ұсыныстары	қарастырып және қоғамдық кеңестің қарастырылуына шығару	
2	Жер асты суларын (гидротермальды, минералды, шаруашылық-техникалық ауыз су) кең таралған пайдалы қазбалардың және техникалық минералдық түзілімді барлау және өндіруді жүргізудің ерекшеліктері	Аталған сұрақтың тыңдаудың бірнеше қатысушыларымен көтерілгендігін назарға ала отырып қатысушыларға жауап беру мақсатында даярлаушыға осы блог сұрағы бойынша жекеше анықтама даярлау.	Қоғамдық тыңдаудың қатысушылардың ұсынысы соның ішінде Балхаш-Алакөл инспекциясы жазбаша ұсынысы
3	Кодекс жобасын Қылмыстық және азаматтық Кодекстармен және өзге де нормативті құқықтық актілермен сәйкестендіру, ликвидациялық кордың бөлігіне құқық.	Даярлаушыға жазбаша ескертулерді, ұсыныстарды және қорытындыларды қарастырып қоғамдық кеңеске беру қажет.	«Геотерм» Өндіруші компаниясы» ЖШС ұсынысы
4	Ғылыми зерттеулер және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға міндетті аударымдар бойынша (ҒЗТҚЖ)	Салалық ғылымды одан әрі дамыту мақсатында ғылыми зерттеулер және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарға шығарылатын қаражаттарды иегру механизмін жетілдіру (ҒЗТҚЖ)	Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясы
5	Жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттар мәртебесінің ауысу ережелері	ТКМКҚ, бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен, әзірлеушілермен жалпы бірлескен ұсыныстарды пысықтау қажет және қоғамдық кеңеске қарауға ұсыну.	ТКМКҚ, бизнес-қоғамдастығы өкілдерінен ұсыныстар.

Қоғамдық тыңдаулар төрағасы



Т.Е. Шенгельбаев

Қоғамдық тыңдаулар хатшысы



Е. Сматилда